

правители, и незачем им было пассивно ожидать смерти Абулхайр-хана для создания своего государства. Следовательно, мало оснований считать, что Казахское ханство возникло только после смерти Абулхайра (1468/69 г.) на территории Дешт-и-Кыпчака.

Таким образом, анализ сведений источников и состояния историографической разработки проблемы показывает, что откочевка Керее и Жанибека в Жетысу могла произойти только после 1458 г. Наиболее приемлемая датировка данного события – 1459 год. Благоприятные условия для создания Кереем и Жанибеком своего государства создались после смерти Есен-Бука-хана в 1462 году. Единственной датой возникновения Казахского ханства, которая имеется в исторических источниках, является указанный Мирза Хайдаром 870 год хиджры. Нет особых причин не доверять этой примерной дате. Согласно синхронистическим таблицам И.Орбели, 870 год хиджры начался 24 августа 1465 г. и закончился 11 августа 1466 года. Тем самым, время возникновения Казахского ханства можно определить периодом с 1462 г. по 11 августа 1466 г.

Список литературы

1. Ибрагимов С.К. Материалы по истории казахских ханства XV-XVIII веков. Алма-Ата: «НАУКА», 1969 г. – 651 с.
2. Абдакимов А. История Казахстана: С древнейших времен до наших дней. Учебное пособие. – Алматы, 1994 г. – 235 с.
3. Султанов Т.И., Кляшторный С.К. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы: «Рауан», 1992 г. – 378 с.
4. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.1-2. С-Пб: Типография Императорской Академии наук, 1863 г. – 587 с.
5. Казахи: историко-этнографический очерк. Алматы, 1995 г. – 352 с.
6. Кудайбердиев Ш. Родословная казахов, киргизов, турков и ханских династий. Алматы, 1992 г. – 118 с.
7. Карибаев Б.Б. Қазақ хандырының қурылуы// Қазақ тарихы. 1995, №4. – с.3-5.
8. Султанов Т.Н. Кочевые племена Приаралья в XV-XVIII вв. М., 1982 г. – 133 с.
9. Тынышпаев М. История казахского народа: Учебное пособие. – Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1993 г. – 224 с.

ТАСАДА ҚАЛҒАН ХАН ҒҰМЫРЫ

Баубек Аймаханұлы Елеусов

аға оқытушы

Қабыл Еркіман

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық қ., Қазақстан Республикасы

Адам өмірі әр түрлі, қилыда күрделі жолдан тұраы анық. Сол жолды қалай басып өту әр адамның дұрыс жолды таңдай білуімен тікелей байланысты. Өмір жолында біреуге ұнайсың, енді біреуге ұнамауың мүмкін. Бәріне ұнаймын деу мүмкін емес. Бұның бәрі де тарих сахнасындағы жұлдызды тұлғаларда болған.

Мақаланың негізгі мақсаты 42 –жыл өмір сүрген, өмірі қайшылыққа толы, басынан небір сәттер өткен ішкі орданың соңғы ханы Жәңгірге қатысты келтірілген кейбір деректерді, оның жеке басына тағылған алып қашпа, қаңқу сөздердің ретті-ретсіз айтылған тұстарына әділ баға беру немесе ханның іс-әрекетін қазіргі заман тұрғысынан саралау болмақ. Әдебиетте Махамбеттей жорықшыл батыр жырлары көңілге дем беріп хан езгісін, қомағайлығын, екі жүзділігін ақын өлеңдерінен көріп, танысып, ақын көзқарасымен қабылдаймыз. Ұлы шерлі заман ақынымен бірге жамандап, жеккөрінішті

көзбен қараймыз. Шабыт келгенде адам өз ішіндегі зарын төгеді, ал ол өз өшпенділігін өлең сөздеріне сыйғызып өргені дау туғызбас. Кейде мынадай ой келеді, осы біз әдеби шығарма мен нағыз тарих арасын шатастырып алған жоқпыз ба? Біз кеңес дәуірінің қас жауы бай-шонжарларды әшкерелейміз деп ұлтқа еңбегі сіңген ардақтыларымызды көтерудің орнына қара күйе жағып, бірыңғай даттау жолына түсіп кеткен жоқпыз ба?!

Қазақ елі етек жеңін жиып өз тізгін-шылбыры қолына тигеніне міне аттай жиырма төрт жыл өтіп отыр. Бұл уақытта ер азамат отау иесі атанып оң солын танып, жеке өмір сүрерлік уақыт болып табылады. Я бұл ұлы мемлекет үшін аз ғана уақыт екені шындық. Алайда осы уақыт арасында талай тұлғаға тарихи орынын бере алатындай уақыт өтпеді ме?

Кешегі кеңес кезіндегі идеологияға толы шеңбердің ішінде қазақ баласы жүргені несі? Ол темір бұғау тоттанғалы қашан, неге оны бұзып шықпаймыз. Жәңгір хан туралы деректердің жаман жағының басым болуына екі түрлі себеп бар олар:

1. Ең бірінші Махамбеттің жалынды, отты өрнекке толы өлеңдері басты себеп..

2. Екінші бұл өлеңдерге дем мен дәм берген, пайдасына жарата білген кеңестің әккі идеологтары екінші реттік канцумент болып тұр. Олар Жәңгір оқиғаларына келгенде «жығылғанға жұдырық» болды.

Бұған негізгі себептер мыналар :

- Жәңгірдің ақсүйек хан тұқымынан шығуы
- Әрі оның өз заманының асқан дәулетті бай феодалының бірі, бай әулеттің басшысы болғанында еді.

- Сондай-ақ Уақытша өкімет қырып салған орыстың ақ сүйек патшаларының оны яғни Жәңгірді өз кезектерінде аса жоғары бағалауы болған деп санаймыз.

1836-1838 жылғы Бөкей ордасындағы көтеріліс басшыларының қазіргі танымалдылығына өздерінің халық жүрегінен орын ала-алуымен қоса бұл оқиғаның көтерілісшілер жағына көбірек басымдылық беруі кеңестік цензурадан тез өтетін тақырыпқа айналдырған. Әкеге қарап ұл өсер. Жәңгір осы Нұралының бел немересі еді. Ал Нұралының Жәңгірдей немересі жүздеген болатын. Жүздеген болатыны өз кіндігінен тараған ұлдарының саны қырыққа жуық. Қалың немереден хандық лауазым бұйырғаны бірлі-екілі. Сонын бірі де, бірегейі Жәңгір! Қазақта Нұралыдай көп ұрпақ сүйген хан санаулы. Ұлдары Бердәлі, Бегалы, Пірәлі, Есенәлі, Есалы, Жаналы, Сейдалы, Артығалы, Физалы, Нәдірәлі. Мәмбетәлі. Мендәлі, Өзбекәлі, Дербісәлі, Тенәлі (бұлар қазақта Бердіғали, Бекқали, Пірғали. Артыққали. т.б. ыңғайымен де айтылады), Бабық, Бөкей, Шотқара, Шөкі, Шығай. Елтай, Құлтай, Кожамет, Есім, Жалтыр, Жарас, Жүсіп, Қарағай, Қонлырау, Көпей, Айтөре, Арыстан, Абылай, Орман, Пазылбек, Сапақ, Құндылық, Бәлке, Көпей. Бұлардың ішінен хан тағын иеленгендер: Пірәлі - 1770-1805 жылдары адай мен Маңғыстау түркімендерінің ханы; Есім- 1795-1797 жылдары Кіші жүз ханы; Бөкей- 1812-1815 жылдары Ішкі орда ханы; Шығай - 1816-1824 жылдары уақытша Ішкі орда ханы; Қаратай - 1806-1824 жылдары Кіші жүздің бір бөлігінің ханы.

Елін әкімшілік бөлініспен басқарып, тақта тұрақты отыруымен Әбілқайырдың шөбересі, Нұралының немересі - Жәңгір Бөкейұлы қазақтың соңғы ханы ретінде тарихқа енді[1, 23-25].

XVIII ғасырдың аяққы кезінде Еділ бойындағы қалмақтардың (кұба қалмақтар) басым бөлігі 1771 жылы Шыңжаңға қоныс аударған соң Еділ мен Жайық арасы «бос» қалған еді. Қазақтар XVII ғасырдың бірінші ширегінде қалмақтар тартып алған осы ата қоныстарына оралуға талаптана бастады. Осы кезеңде қазақтар осы аймаққа жаппай қоныстана бастаған еді. Хандықтың иелегінде 70 мың түйе, 30 мың жылқы, 250 мың ірі қара, 1 миллионнан астам қой болды. 300 мың адамы бар қазақ ордасы 45 жыл өмір сүрді. Патша үкіметі Бөкей Ордасы қазақтарына Кіші жүзге қайта оралуға тыйым салды. Хандықты 1801-1815 жылдары Бөкей, ал 1815-1845 жылдары баласы Жәңгір хан (1807- 1845) басқарды. Жәңгір әкесі өлгенде 14 жаста болғандықтан, ол ер жеткенше

елді әкесінің інісі Шығай сұлтан басқарады. Қазақы дәстүр бойынша Орданың игі жақсылары жиналып, 1824 жылы Орал қаласы маңындағы тоғайда Жәңгірді ақ киізге көтеріп хан сайлайды, кейін ол жер «Хан тоғайы» деп аталады.

Бөкей Ордасы тарихында Жәңгір ханның билік еткен кезеңі неғұрлым елеулі із қалдырды. Жәңгір хан өз заманының асқан білімді, озық ойлы реформаторы болды. Ол Астархан қаласында еуропаша білім мен тәрбие алып, хандықты әкімшілік жағынан басқару әдісін үйренеді. Неміс, орыс, татар тілдерін білген, қазақ және шығыс мәдениеті мен тарихын жақсы білген білімді билеуші болады. Жәңгір ең алдымен халыққа ыңғайлы, әрі тиімді тұрмыстың үлгісі етіп, 1827 жылы Нарын құмының «Жасқұс» деген жеріне Хан сарайын салдырады, сөйтіп әкімшілік орталық етеді. Жәңгірден үлгі алған би-сұлтандар, кейін қарапайым халық тұрақты үй тұрғызуға көшеді. 1832 жылы Жәңгір хан халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, сауда-саттық саласын дамытып, жолға қою мақсатымен жәрмеңке ұйымдастырады. Жәрмеңке көктем және күз айларында өткізіліп, оған Ресейдің Саратов, Мәскеу, Нижний Новгород т.б. губернияларынан саудагерлер келген. 1846 жылы көктемгі жәрмеңкеге 3883 адам қатысса, 1851 жылғы тауар айналымы 1,5 миллион күміс ақшаны құраған 1826 жылы Ордада шешек ауруына қарсы екпе жұмыстарын жүргізеді. 1832 жылы дәріхана, мұрағат ашқызады, хандықтың алғашқы картасын жасатады. 1852 жылы Ордада 16 орындық қоғамдық аурухана ашылады. Бұл аурухана күні бүгінге дейін сақталып, халыққа қызмет етуде. Жәңгір өз билігін нығайту мақсатында 1828 жылы 12 адамнан тұратын би кеңесін ұйымдастырады. 14 адамды старшынесауыл қызметіне қояды. Базар сұлтаны, арнаулы тергеуші, іс жүргізетін кеңес сияқты қызметтер енгізді. Әрбір ірі немесе бірнеше ұсақ рудың басына Жәңгір өз туыстарын, өзіне шын берілген сұлтандар мен билерді қояды. Би кеңесінде ханның ықпалы басым болды. Хандықты 12 әкімшілік орталыққа бөледі. 1828 жылы Жәңгір өз үйінің бір бөлмесіне әулеттік құнды заттарды, ат әбзелдерін, жауынгер қару-жарақтарын жинастырып, қару-жарақ палатасын ұйымдастырады. Бұл қазақ жерінде ашылған тұңғыш мұражай болатын.

Қазақ жерінде тұңғыш рет, 1840 жылы мал емдейтін ветеринарлық бөлім ашқызады. 1841 жылы Хан Ордасы мен Черный Яр қаласының аралығына пошта-телеграф байланысы орнатылады. 1841 жылы Қазан университетінің ғылыми кеңесіне мүше болып сайланып, 1843 жылы генерал-майор атағын алады. Сол жылы Нарынқұмда, өз қаражатымен Қазақстанда тұңғыш рет қазақша-орысша білім беретін мектеп ашқызып, қазақ балаларын Ресей қалаларына оқуға жіберді. Жәңгір мектебінен білім бастауын алған 100-ден астам ғалым-зерттеушілер, Асан Тайманов сынды 20-дан астам академиктер шықты. Ислам дінінің рухани әлеуетін жақсы түсінген және қазақтардың өз дінін жоғалтпай сақтап қалуы үшін, хан 1835 жылы өз үйінің ауласына ерекше архитектуралық (үлгі мен мешіт салдырады. Ел ішінде оны «Хан мешіті» деп атаған Жәңгір хан кенеттен, белгісіз жағдайда қайтыс болған соң, хантағы баласы Сақыпкерейге көшеді. Ол 1847 жылы қайтыс болған соң патша өкіметі хандық басқаруды жойып, жаңа әкімшілік-уақытша кеңес (1847-1917 жж.) құрады. 1872 жылы Ішкі Орда Астрахан губерниясының құрамына беріледі. Отаршыл империяның қысымымен тарих сахнасынан кеткенімен, бұл хандықтың қазақ тарихында алған өзіндік орны болды. Бөкей Ордасы Казакстанның батысында жарты ғасырға жуық өмір сүрген. Жәңгір хан орасанкүш жігер жұмсап Ішкі Ордада хан билігін сақтап, қазақ мемлекетін ХІХ ғасырдың ортасына дейін өмір сүруін қамтамасыз етті[2, 291-295].

Оның ислам дініне көрсеткен көмегі ұшан теңіз болды. Жәңгір ханның халықты дінге, мұсылмандық парызға баулуын өз тұсында қызметтес болған үкімет шенеуніктері қолдап өтті. Алайда, дінге ден қоюы қазақтың «тағылығын жұмсартады, орысқа жақындата түседі» дейтін бастапқы ұстаным келе-келе өзгеріске ұшырады. Отызыншы-қырқыншы жылдары ханға тілектес болған, әріптес ретінде қарап, қолдау көрсеткен Орынбор басшыларының орнына енді отарлық пиғылдағы шенеуніктер келе бастады.

Олар Жәңгірдің қазақ арасындағы діни тәлімін Ресей үкіметі үшін зиянды деп тапты. Әсіресе, шығыстану мен этнография саласын зерттеп, әкімшілік лауазымын отарлық саясатпен суарған кейбір оқымысты шенеуніктер бұл жөнінде басқалай көзқарас қалыптастыруға тырысты.

Олардың ұраншысы В.Григорьев болды. Ол қазақты мұсылмандық жолға Жәңгір өзінің бас пайдасын ойлап баулыды деген пікір таңды. «Оған дейін өздерін мұсылман санамақ түгілі, ол туралы түсінігі жоқ қазақтың бетке ұстар адамдарын ол христиандық пен ағартушылыққа өш келетін мұсылмандық, надан тәкаппарлық санамен уландырып үлгерді. Осынау апиынды қарапайым халыққа тарату үшін ол қырға қапдатқан молдалар бүгінде орда жұртының ішіндегі масыл, орыс үкіметіне зиянды тап болып отыр» деп дабыл қақты.

Григорьевке кейіннен Н. Веселовский үн қосты. Жәңгірдің ағартушылық еңбегін ерекше бағалайтын, ісін жалғастырушы А.Алекторовтың өзі әлгі екеуіне ілесіп: «бұқараның арасына дендеп кірген ислам қазақтың мінез-құлқына қонсы қонған христиандық орыс тұрғындарымен аралас-құраластығын мүмкін етпестей негіз қалады» деуге жетті.

Генералдық штаб полковнигі Л. Мейер Жәңгір тұсында жәрмеңкеге жиналған халықты ханның әмірімен салт атты казак-орыстар мешітке қамшылап қуып кіргізетін деп әлдекімнен естіген негізсіз лақапты шындыққа айналдырып жазды.

Сөйтіп, бұған дейінгі: «Ордада молданың көбеюі дінді уағыздау мен қатар сауаттылыққа жол ашты» дейтін Евреиновтердің ізетті пайымдарын бірте-бірте әлгіндей өшпенді кінәлаулар алмастырды.

Мұның екі түрлі себебі бар еді. Біріншісі, Жәңгірдің мұсылман дінін жаппай енгізуі қазақты орыстандыру мақсатын кейінге ығыстырды. Екіншісі Жәңгір қалап кеткен мұсылмандық мінез-құлық миссионерлік майданындағыларға алынбасқамал болды.

Осыған бармағын тістеген Перовскийдің жылдар өткенде: «Бәрінен бұрын Жәңгір басқарғанда ордада мұсылмандықтың таралуы Ресейге зиянын тигізді. Ордада Жәңгір хан болмағанда, исламдықтың әлсіз әсері әбден ұмыт болып, ешқандай дінді тұтынбайтын қара халықты христиандыққа кіргізу қиынға түспес еді. Діни және саяси тұрғыдан кез келген христиандық мемлекетке бодандарының мұсылманнан гөрі пұтқа табынушы болғаны пайдалы екені белгілі. Дінге дендеген сайын қазақтың, мұсылмандықтан басқаның бәріне деген өшпенділігі тереңдей түседі, оның христиандық үкіметке бодандық басыбайлығы әлсірейді. Міне, Жәңгір хан Ресейге осындай зиян әкелді» деп кіжінетіні сондықтан. Империя мүддесіне келгенде губернатор Орынбор мешітін салуға қаржылай көмектескен орда халқына жолдаған кезіндегі алғысын да ұмытқандай[1,105-106].

Жәңгірдің жәдігершілігін Ордада қызмет істеген Евреинов: «Оның қару-жарақ бөлмесі кім-кімді де баурамай қоймайды. Бұл бөлмеде барлық қабырғада бірдей, төбеден еденге дейін қатар-қатар түрлі халықтар мен әр замандар қарулары, ат әбзелдері, басқа да әскери құрал-саймандар ілулі тұрды. Олардың дені көненің көзі, беріктігі және құбылма тастармен әшекейленуі жағынан құнды қазына еді. Сирек кездесетін нәрселердің білгірі Жәңгір оларды алуға ақша аямайтын» деп бағалады.

Әсіресе, солардың ішінде баға жетпес екі қылыш көздің жауын алды. Гебель: «Асыл тастармен әрленген оның біреуін кезінде император Александр әкесі Бөкей ханға жіберген екен. Екіншісін хан тағына отырарда патша Жәңгірдің өзіне сыйлаған» деп олардың мәліметін жазып алды[1,110].

Әбілқайырдан Жәңгірге дейінгі хандарға орыс императорлары берген атаулы қылыштар ұрпақтарына қалдырылған жоқ. Бәлкім, ханның наградалары мемлекетке қатысты рәміздер саналған шығар? Кіші жүздің Шығыс бөлігінің билеуші сұлтаны Ахмет Жантөрин қайтыс болғанда оның 2-дәрежелі Әулие Станислав ордені Шекара

комиссиясы арқылы Императорлық және патша ордендерінің капитулына жіберілгені белгілі. Михаил, Елизавета, Екатерина, Павел, Александр патшалар сыйлаған қылыштар да сол тәртіппен Петербургке қайтарылса, мемлекеттік қордың меншігі ретінде сақталмақ. Өйткені, орыстың әйгілі патшаларының есімі жазылған қаруларды ордада қызмет жасаған әлдебір орыс шенеунігінің тәуекелі жетіп, өзіне меншіктеп кете алмасы хақ.

Ал Жәңгірдің өз қаражатына сатып алынған халықтан жинағанына ешкімнің таласы болмағанымен, олардың да орталыққа кетуі ғажап емес. Мысалы, 1862 жылы Мәскеуде этнографиялық мұражай ашылатын болғанда, ол жақтан да Жәңгір жинағына кұда түскен хат жолданды. Орталықтың нұсқауларын бұлжытпай орындауға тырысатын Орынбор әкімшілігінің немесе Уақытша кеңес басындағы орыс шенеуніктерінің үгіті мен Жәңгір ұрпақтары да қолындағы мұраларын жөнелтуі мүмкін.

XIX ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары Жәңгірдің өз қолымен жиналған Ордадағы қару-жарақ пен ат әбзелдері мұражайы қазақ жерінде баламасы жоқ жәдігерлік болатын. Әттең, ұстағанның қолында, байлағанның белінде кетіп, болашақта жеке бір мұражайға қазына боларлық осынша қару-жарақ ізсіз жоғалды.

Кезінде хан сарайының екі жақ қабырғадағы биіктігі төбеге жететін күрең түсті, шынылы шкафтарда самсаған сан алуан жауынгерлік қаруларды қарай жүріп біреуіне: «осынау сирек ұшырасатын, өте бағалы бұйымдар арасынан көзімді қызықтырған төбесі тақия тәрізді келген, алтынмен қақталған керемет құрыш дулыға еді» деп таңдай қағып кеткен. Әке қаруларын түгел сақтай алмаса да осы дулығаны Ғұбайдолла өмірінің соңына дейін қолдан шығырмады. 1919 жылы театр актрисасы Феодосия Велинская казак генералынан қалған мұра ретінде Этнография музейіне тапсырған сол жәдігер ғана Санкт-Петербургте бүгінге дейін сақтаулы тұр [1,112-113].

«Қазаққа қараңғылық халден шығатын кез жетті.Кез келген қаржылай шығын егер ол кез келге басқалай жақсы шапағатты істен гөрі жастарды оқытуға жұмсалар болса, жүз есе қайтарым береді», дейді Жәңгір хан.

Жеке басы білім-ғылымға зерек хан ұлтынан оқыған жастардың шығуын арман етті. Жұртын сауатты ету үшін мектеп ашуға бекінді. Жиырмасыншы жылдардың аяғындағы Қайыпқали сұлтан бастаған ордадағы толқулар мен отызыншы жылдар ортасынан өрбіген Исатай қозғалысы бұл мақсатын екі рет кейінге ысырды. Соған қарамастан жастарды оқуға жіберудің барлық мүмкіндіктерін пайдаланды. Шекара комиссиясының төрағасы әрі училище директоры полковник Генс Жәңгірге үнемі қолдау көрсетті.

1824 жылы Орынборда Неплюев училищесі ашылғанша хан оған араларында Фатиманың інісі Әміржан Құсайынов пен ағасы Шөкі сұлтанның баласы бар ордалық жастарды орналастырды. Губернатор Эссен бұл қадамына құтты болсын айтты. Генс сол жылдың 14 маусымында Жәңгірге жолдаған хатында ордадан келген балалардың бәрі бірдей оқуға алғыр, тәрбиелі екеніне ризашылығын білдірді. «Бүгінгі таңда олардың ішіндегі ең үздігі Көпболсын Қарауылұлы. Ол өзгелерден озық, өте зейінді, сабырлы да кішіпейіл» деп қуантты [1, 167-168].

Оны бітіргендерден тоғыз жасөспірім Орын бордағы Неплюев кадет корпусына оқуға аттанғанда олардың арасында Салық та болды. Бұл оқу орнына Жәңгір мектебінде айтарлықтай жақсы оқығандар жіберілетін еді. Орынборда үлгілі үлгірімі, зеректігі, тәртіптілігімен айрықша көзге түскен бұл жігіттердің төртеуіне оқуын тауыспай жатып, унтер-офицер шені берілді. Оның бірі Салық еді. Осы оқу орнына қалай аттанғанын еске алып, Салық кейін былай деп жазды: «Біздер Жәңгір мектебінде тәрбиеленген едік. Сол кезде де, қазір де ол мектеп кадет корпусына даярлайтын орын деп есептеледі. Бір күні кешке таман біздерді ханға алып келіп, сарай ішіне орналастырып, хан сендерден оқуға түсуге ықыластысыңдар ма деп сұрайды деп ескертті. Біздердің балалық жасымызға лайықтап даярлаған, ханның бізге берер қонақасы әзірленген екен.

Ол бізді өте ақжарқын отырып қабылдады және оқуға бару ықыласымызды сұрап білді. Біздер бірімізден соң біріміз өзімізді таныстырып, ықыласты және дайын екенімізді білдірдік. Сосын хан біздерге уыс-уыс мәнпәсилер үлестіріп берді де, қайтуға рұқсат етті. Бұл 1845 жылдың басындағы қыс еді».[2, 6]

Кейіннен қазақтың этнограф ғалымы Салық Бабажанов: «Училище ашылғанда Жәңгір оған білім алу үшін сұлтандардан Көшекқали Шығаеты, Шамсидден Досқазиевті және қожа Көпболсын Қарауыловты жіберді. Ата-аналарының оқытуға құлқы болмаса да, олар ханның еркімен аттандырылды. Шығает қазір есауыл шенінде қызмет істейді, бұрын ордада өте жоғары лауазымды жұмыстар атқарды. Қарауылов менің ағам, училищенің толық курсың бітіріп, хан кеңесінің бастығы болды. Олардан кейін хан тағы да орда балаларын сол училищеге жібере бастады. Басқаларға, үлгі көрсетіп өз ұлы Зұлқарнайды да аттандырды. Бірақ ол оқуын аяқтай алмай көз жұмды» деп алғашқы лек шәкірттер жайынан естелік жазып.

«Әуелі Құдай, одан соң патша сеніп тапсырған халқыма деген сүйіспеншілікпен және надандықта қалудың өкінерлік салдарынан сендерге сыр сарқамын. Мұның ақиқатына көзімнің анық жетіп отырғанының дәлелі сүйікті ұлынды-хан ағының мұрагері Сақыпкерейді жастығына да, шешесінің көзжасына да, алдындағы ағасының осы жолда шейіт кеткеніне қарамастан ұлымды император паж корпусына оқуға бергенім болмақ. Әділ билік жүргізуге қажет ғылымның бәрін толық меңгергенше ол оқуын тоқтатпайды.» деп-, қалған жандарды балаларын мектепке беруге шақырған билер мен сұлтандарға үндеу жолдаған еді [1, 168-169].

Ғасыр ауысып, Ресей империясы Кеңес мемлекетіне түрленген тұста мұнда мектеп ісі одан сайын өрістеді. Бұл орталықтың нұсқауымен емес, кезінде өздері де Жәңгір мектебінен түлеп ұшқан, енді ордада жаңа заман орнату жолын таңдаған жергілікті ұлт тұлғаларының күш-жігерімен қолға алынған іс-шаралар болатын. 1918 жылдың сәуірінде Хан ордада Ағарту халық комиссариаты құрылды. Жәңгір мектебінен алғашқы елу жылда екі мың бала сауат ашып, 250 шәкірт толық курсың бітіріп шықты. Оқу орнының шежіресінде «тұңғыш» мәртебесі әлденеше рет қайталанды. 1879 жылы Халық ағарту министрлігінің 2 кластық мектебі болып қайта құрылды. 1905 жылы 4 кластық мектепке айналды. Жетпіс оқушы жататын тұңғыш интернат үйі ашылды [1, 188-189].

Жәңгір хан кітап бастыруда да біраз еңбек сіңірген билеуші болып табылады. «Тарихи-Рашиди» кітабының Жәңгір Қазан университетіне берілуі арқылы бірқатары баспа бетін тұңғыш көрген шығармалардың ғылыми айналымға түсуіне Жәңгірдің септігі тиді. Шындығы сол, шығыс жылнамашылары өз еңбектерінде пайдаланып келгенімен, Еуропа мен Ресейге әлі белгісіз, қазақ мемлекетті бастауларының бірден-бір дереккөзі «Тарихи-Рашидиді» Жәңгірден бұрын қазақта ешкім оқыған да, оның құнды тарихнама екенін білген ешкім болмаған.

Сонымен, 1843 жылы Жәңгір көшіріп жаздырған «парақ көлемі 34,5 x 20,5; 224 бет; өрнекті; әр бетте 26 жолдан; мәтін көлемі 25 x 11,5; «Адаев фабрикасының А.№4» маркалы фабрикалық орыс қағазына тушыпен, тақырыптары қызыл сиямен жазылған; қолтаңбасы - айқын насталик; мәтіні қызыл сызылған» Дулати шығармасын қазақ пен орыстың екі ғалымы жіті зерттеп оқыды. Шоқан Жоңғарияда өзі жүрген жерінің, моғолстанның карталарын осы «Тарихи-Рашидидегі» атаулармен салыстыра отырып сызып шықты. Моғолстан билеушілерінің ата тегін таратқан кестелер жасады. «Тарихи Рашиди» және «Тарихи Рашидиден» үзінділер» атты зерттеу мақалаларын жазды. Өмірде Жәңгір балаларымен достық ниеттегі Шоқан өзі ден қоя зерттеп отырған қолжазбаға ханның қатысы барын білмегені кәміл де емес! Тек 1860 Жылы Шоқан Уәлиханов Кашғарға саяхатынан кейін осы шығарманы зерттеп, өз сапарының сызбасын ондағы оқиғалар ізімен нақтылады [1, 149-154].

Ол өмірінде қазақты жақсы көріп, оның тарихын толтыруға жұмыс жасаған

алғашқы адамдардың бірі болған. Өмірі оқу мен қатар қазақ тарихына қатысты құнды деректерге толы кітаптарды жинауменде айналысқан еді. Жәңгір қайтыс болғанда кітапханасында шығыс тілдеріндегі 212 кітап қалды. Бұқар мен Хиуа жақтан солардың бірі етіп «Тарихи-Рашиди» қолжазбасын да алдырса керек. 1844 жылдың 21 қарашасында Петербургтен Ордаға келген барон Бюлер Жәңгірдің үйіндегі кітапханасымен танысады. Болашақ тарихшы, кейіннен Сыртқы істер министрлігінің Мәскеудегі бас архивінің ширек ғасыр директоры болған Бюлер ханның кітап сөрелерінен «қазақ тарихы туралы тасқа басылған және қолжазба мәліметтерді бір кеш бойы оқығанын» (вечер провел я в чтении разных печатных и рукописных сведений о киргизах) жазғаны бар.

Ол ресейдің зиялы қауымен жақын қарым қатыныста болған, олармен қазаққа пайдасы бар істерде істес болған екен. Әсіресе, ханның шығыстанушы Мирза Александр Қазымбекпен байланысы әлемдік ғылымға елеулі үлес болып қосылған «Мюхтессерюль-вигкает» («Китаб мухтасару-луикаяти фи масаил-Һидаят») кітабының жарыққа шығуымен ерекшеленді. Олар маңызды істі қолға алмас бұрын Қазымбек 1844 жылдың 28 ақпанында Қазан оқу округінің қамқоршысы М. Мусин Пушкиннің алдынан өтті. Оның патшасына жазған бір хатынан: «Бөкей ордасының әміршісі Жәңгір хан өткен қаңтар айында Қазанға келгенінде мұсылмандар арасында аса маңызды «Мюхтессерюль-викает» қысқаша заңтану кітабын шығаруымды өтіне сұраған еді. Бұл мұсылмандар мектебінде классикалық шығарма болып есептеледі. Қазақ арасында оқу-білімді таратуға ерекше қамқорлықпен тер төгіп жүрген ханның тілегін орындау үшін және бұл басылымның Еуропа ориенталистеріне өте-мөте құндылығын ескере отырып, мәртебелі ханның ұсынысын қабыл алдым. Оған қоса, Орынбор мүфтиінің де мақұлдаған хатын алып отырмын. Кітап Қазан университетінің баспаханасында басылады. Біршама данасы батыс ориенталистеріне арналып, еуропа тілдерінің бірінде жазылған арнайы кіріспемен және кейбір түсініктемелермен шығарылмақ» - деп қатал қамқоршыны күні бұрын қызықтырып қойған.

Қысқаша вигкает, яғни ханифедтер мектебі бойынша мұсылман заңтануының курсы тұңғыш рет 1845 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Мұхтасар осы басылымына дейін еш жерде классикалық шығарма ретінде толық күйінде жарық көрмеген болатын.

Мұсылман құқығы туралы Қазымбектің алғашқы еңбектері Ресейде емес, Парижде жарық көрген еді. Ол еңбегін Ағарту министрлігінің журналына да жазғанымен, алдын-ала талқыға салуға жүрексінді. Өйткені мұсылман заңнамасының артықшылығы туралы кейбір пікірлер христиандықтың рухына сәйкес келмесін сезді. Сол қауіппен 1842 жылы француздың «Азия журналында» жариялағанды қолай көрді. 1843 жылы Лондонда шықты. Ендеше, Жәңгірдің қолдауымен басылатын «Мұхтасар» мұсылман құқығы бойынша Қазымбектің Ресейдегі тұңғыш іргелі еңбегі болды. «Мұхтасар» небәрі бір жыл ішінде дайындалып, басылып шықты. Кітаптың титул бетін толтыра: «Аса мәртебелі жоғары дәрежелі Жәңгір Бөкеевке, генерал-майор мырзаға және түрлі ордендер кавалері мен Императорлық Қазан университетінің құрметті мүшесіне Александр Қазымбек ілтипатпен арнайды» - деген сөздер жазылды. Жәңгір кітапқа тапсырыс беруші ғана емес, сонымен қатар сарапшы ретінде атсалысты. Қолжазба нұсқаларға бірқатар түзетулер, кітап ішінде берілетін түсініктер енгізді. Мәтініне ескертпелер ұсынуға өз ордасындағы оқымысты дін басыларын жұмылдырды [1, 142-143].

Сонымен қатар Жәңгір қазан университетіне көптеген тарихи жәдігерлер әкеліп тапсырған: «Биылғы қыста мен бұқарлықтармен хабарласпақпын. Сөйтіп бұрынғыдан да құнды қолжазбалар тапсырмақпын».

Университеттегілер ол тізімді кешіктірмеді. Арабтың 30 кітабы мен рисалатынын, парсының - 25, түріктің - 4 қолжазбасының атауын Кенестін бекітуімен Жәңгірге жолдады. 1844-1845 жылдары хан олардың алғашқы алтауын 598 күміс рубльге сатып

алып, Қазанға жеткізді. Кейіннен Петербург университетінің кітапханасына түскен «Тарихи гузида», «Хабиб ас-сийар» жалпы тарихтар, Жәлел-Алдин қос шумақтары шығыстанушылар зердесін кеңейтер мұралар қатарына қосылды. Бұл құнды жәдігерлер қазақ тарихын жасауға себепкер көмекші деректерге айналған еді.

Осы оқиғадан бір жарым ғасыр өткенде, 1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдығына арналған ЮНЕСКО салтанаты үстінде Татарстан Президенті Мыңтемір Шаймиев Қазақстанның Елбасына қазан архивінен табылған Жәңгірге берілген дипломның көшірмесін дүйім жұрт алдында қайта тапсырды. 19-ғасырдағы татар оқымыстыларының қазақ ханына көрсеткен сый-құрметі елінің тәуелсіздігіне тәбәрік боп жетіп, Президенттер қол алысатындай ағайындық кәдеге қайта жарады. Сөйтіп, Жәңгір рухының бір шапағаты кейінгі жұртына да тиіп жатты[1, 141].

Елі үшін жасаған еңбегін бір көтеріліс Нарын құмына сіңген судай жоғалтуы тарих үшін әдлетсіздік. Осыншама мол еңбек Жәңгір ханның аздаған ғана еңбегі болып тұр. Әлі оның «шығарған жарғыларының, шет елдермен қарым-қатынасын талдай алмадым. Оның салған астанасын таныстыра алмадық. Олар туралы мәліметтер өте – көп және Жәңгірдің оқытқан балаларының жетістіктері айтылмады».

Қорытындыда Жәңгір хан тарихына зер сала отырып, мынаны аңғаруға болады: «Жәңгір еуропаша жоғары деңгейде білімі бар жан болды да, дала қазағының пікірімен көп жерде, пікір бөлектігі көзге ұрғандай сезілетін. Жәңгірдің еңбегінің өз заманында, халқынан өз бағасын толық дәрежеде ала алмауы, уақыт қазіргі таңда оның қызметіне, ел үшін жасаған іс-әрекетіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. көрініс тауып отыр. Ендігі жерде қалған жұмыс Жәңгірдің тарихи санадағы орынның реттеу. Осы тұрғыда жастар арасында Жәңгір ханның жаңа болмысын қалыптастыру, сыңаржақтылыққа бойұрмау деп білеміз».

Әдебиеттер тізімі

- 1.Тілекқабыл Боранғалиұлы «Жәңгір хан» Абзалай баспасы 2014 ж.
- 2.Хамит Маданов Айгүл Мұсабаева «Мұхамбетсалық Бабажанов» (Өмірі мен шығармашылығы туралы) Алматы, «Санат», 1995ж.
- 3.Аяған Б .Ғ, Әбжанов Х .М « Қазақ хандығы тарихы құрылуы, өрлеуі, құлдырауы» Алматы 2011ж.

ФОРМУЛЯРНЫЕ СПИСКИ СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЧИНОВНИЧЕСТВА

Ерменбаева Гүльжан Какимбековна

кандидат исторических наук, доцент

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

г.Костанай, Республика Казахстан

В первой половине XIX века царизм берет курс на применение всех методов активной колониальной экспансии. Одним из испытанных методов колониального проникновения явилось привлечение различными путями верхушки местной знати на свою сторону. Колониальная политика не могла осуществляться без союза правительства с аристократической верхушкой казахского общества. Одаривая незначительными чинами, давая небольшие награды, царские администраторы привлекали на свою сторону многих представителей казахского общества. Этому способствовали различные обстоятельства – некоторые стремились обеспечить себе хоть какую-то свободу действий, другие пытались подняться по служебной лестнице на высшие должности, третьи